

Емтиханға дайындық туралы психологтың ұсынысы

- Алдымен сабаққа оқитын орыныңды дайында: үстелдің үстінен артық заттарды алып, керекті оқу құралдарын, дәптерлерді, қағазды, қарындаштарды, ыңғайлап орналастыр.
- бөлмеңізге сары мен күлгін түсті енгізуге болады, өйткені олар ақыл-ой белсенділігін арттырады. Ол үшін осы түстегі суреттер жеткілікті болады.
- Оқу жоспарын құрыңыз. Ең алдымен кім екеніңді анықта - "үкісің бе" әлде "бозторғайсын ба, осыған байланысты кешкілік немесе таңғы уақытты барынша пайдалан.
- Дайындықты әр күнге жоспарла. Жалпылай емес, дәл бүгін не оқылатыны, нақты қандай бөлімдер мен тақырыптарды қарау керектігін іріктеп ал.
- Оқуды ең қиын сонымен қатар ең нашар білетін бөлімнен бастаңыз. Бірақ дайындықты күрделі тақырыптан бастай алмасаңыз, өзіңізге қызықты және жағымды тақырыптан бастауға болады. Бірте-бірте жұмыс ырғағы ұлғайуы мүмкін.
- Дайындық пен демалысты кезектестіріңіз. 40 минут сабаққа дайындалып, 10 минут үзіліс жаса. Ол уақытта ыдыс жуып, гүл суғарып, душ қабылдауға болады.
- Бүкіл оқулықты жаттап алудың қажеті жоқ. Материалды мүмкіндігінше қағазға жоспарлап, сызбаларын құрастыру пайдалы болып табылады. Жоспарлау - материалды қайталағанда пайдасын әкеледі.
- Емтиханға дайындалғанда, тапсырманы орындай алмаймын деп ешқашан ойлама, керісінше ойнан жеңіске жеткеніңді көз алдына елестет.
- Емтихан алдында барлық жауап жоспарларын қайталап шығуға, ең күрделі сұрақтарға қайтып оралуға бір күн қалдыр.

Барлығыңа сәттілік тілеймін!